



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 8 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2012 жылғы 23 ақпан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңеске (IFSB) қабылдау туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңеске (IFSB) Қауымдасқан мүше ретінде қабылданды. Бүгінгі күні жоғарыда аталған ұйымға мүшелікті ресімдеу бойынша барлық рәсімдер аяқталды.

IFSB исламдық қаржылық қызметтер сияқты салада сапалық пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүдделі реттеуші және қадағалау агенттіктерінің халықаралық ұйымы болып табылады және пруденциалдық стандарттарды белгілейді. IFSB мақсаты жаңа стандарттарды енгізу немесе Шариғат қағидаттарына сәйкес келетін қолданыстағы халықаралық стандарттарды бейімдеу арқылы сақтық пен айқындылық қағидаттарына негізделген исламдық қаржылық қызметтерді дамытуды ынталандыру және оларды қабылдауды ұсыну болып табылады.

2012 жылғы ақпандағы жағдай бойынша IFSB 189 мүшесі бар, оның 53-і реттеуші және қадағалау органдары болып табылады, 8 – халықаралық үкіметаралық ұйым және 128 – 43 елде жұмыс істейтін нарықтың ірі қатысушылары, кәсіби фирмалар және салалық қауымдастықтар. IFSB штаб-пәтері Куала-Лумпур қаласында (Малайзия) орналасқан.

Бұл беделді ұйымға мүше болу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне исламдық қаржылық қызметтерді Қазақстанда ендіру мен реттеу мәселесінде оның қатысушыларынан тиімді жәрдем алуына мүмкіндік береді.

Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 2 596 833, +7 (727) 330 24 77; E-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz